



Тасилова Назия Айтбайқызы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
қауымдастырылған профессоры

«Алаш» қозғалысы және ұлттық мемлекет идеясы.

Мақсаты: Қазақстанда интеллектуалды-рухани элитаның қалыптасуы мен олардың ХХ ғасырдың басындағы қызметін көрсету, қазақ халқының мәдени дамуындағы қазақ зиялыларының рухани мұрасының тарихи маңызын ашу.

Дәріс жоспары:

1. Алаш Орда үкіметінің құрылу мақсаты мен қызметін ашу.
- 2 Ұлттық мемлекеттілік идеясының тарихи мәнін түсіндіру.
- 3.Алаш партиясының бағдарламасы мен идеологиялық негіздерін талдау.
- 4.Алаштың Қазақстанның кейінгі тәуелсіздік идеясына ықпалын көрсету.

Тарихи алғышарттар

- 1905–1907 жж. Ресейдегі революциялық процестер қазақ даласына да әсер етті.
- Қазақ зиялылары қоғамдық-саяси күреске шығып, ұлттық мүддені саяси жолмен қорғау жолдарын іздеді.
- Мемлекеттік Думаға қазақ өкілдерінің сайлануы (Бөкейханов, Бірімжанов, Қалменов; кейін Қаратаев, Тынышпаев) қазақ саяси санасының өсуін көрсетті.
- Столыпин реформалары, жердің тартып алынуы, қоныс аударушылар легі – ұлттық дағдарысты күшейтті.



1916 жылғы көтеріліс және ұлттық сананың өсуі

- Патшаның 25 маусым жарлығы: 19–43 ж. арасындағы қазақтарды тыл жұмысына алу.
- Қозғалыстың себептері: отарлық езгі, жер мәселесі, экономикалық күйзеліс.
- Көтерілістің ірі орталықтары: Торғай (Амангелді), Жетісу (Қарқара).
- Маңызы: ұлттық бірлік идеясының тереңдеуі, қазақ зиялыларының жаңа саяси жол іздеуі.



1917 жыл: саяси вакуум және жаңа күштердің қалыптасуы

- Ақпан революциясы: патша құлады, қос өкімет орнады (Уақытша үкімет + Кеңестер).**
- Қазақстанда жаңа ұйымдар пайда болды: “Жас қазақ”, “Талап”, “Мұсылман еңбекшілер одағы”, Рысқұловтың “Қазақ жастары революциялық одағы”.**
- Ұлттық партия құру қажеттілігі айқындала түсті.**



АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

1917 ж. 21–26 шілдеде Орынборда I Бүкілқазақ съезі өтті.

- Басты шешім: Ресей демократиялық-федеративтік республика болуы тиіс; қазақ облыстары автономия алуы керек.**
- Зиялылардың мақсаты: қазақ қоғамын модернизациялау, ұлттық мемлекеттіліктің құқықтық негізін жасау.**




**АЛАШ ПАРТИЯСЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ (1917 Ж.)**



Негізгі 10 тармақтың мазмұны:

- Ресей — федеративтік парламенттік республика.
- Қазақ автономиясы федерация құрамында болмақ.
- Теңдік, құқық қорғалуы, сөз бостандығы.
- Баршаға тең сайлау құқығы.
- Дін мемлекеттен бөлінуі.
- Қазақ тілінің мемлекеттік қызметте қолданылуы.
- Сот — әділдікке негізделуі; тергеусіз тұтқындауға тыйым.
- Білім беру — тегін, бастауыш мектеп ана тілінде.
- Бұл бағдарлама саяси модернизацияның алғашқы ұлттық үлгісі болды.



Алаш Орда үкіметі

- 1917 ж. желтоқсанда ІІ жалпы қазақ съезінде Алаш автономиясы жарияланып, Алаш Орда үкіметі құрылды.
- Мақсаты: елдегі анархияны тоқтату, қазақ жеріндегі билікті ұйымдастыру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
- Басшысы — Әлихан Бөкейханов.

«Үш жүз» партиясы және саяси поляризация

- 1917 ж. құрылған “Үш жүз” партиясы социалистік бағытта болды.
- Большевиктерді қолдады, алаштықтарға қарсы күресті.
- Бірақ пролетариат диктатурасын мойындамады, дінді мемлекеттік басқаруға енгізуді ұсынды.
- 1920 ж. Кеңес өкіметі партияны таратты.

